

фильм «Куркө» [3]. Однако, по неизвестным причинам, написанное в названии слово «рецензия» никак не соотносится с содержанием нижеизложенного материала. Не соответствующего размера статья с отсутствием детального анализа работы сценариста, режиссера или актеров. Грамматические и стилистические ошибки («рецензия фильма», «особенно не занимался», «таково же плана работники»), многочисленные тавтологии, бедность языка, отсутствие логической связи напрочь убивают желание вникать в суть не то что «рецензии», но и самого фильма. После прочтения статьи и вовсе возникает мнение, что автор пыталась прорекламировать фильм, нежели возбудить у читателя - потенциального зрителя какие-либо мысли по поводу прочитанного. Грубое нарушение и несоответствие почти всех параметров кинорецензии на отечественных сайтах подобным образом лишь дарит зарубежному медиапространству своих читателей, отталкивая своим непрофессионализмом.

Таким образом, спектр отечественных изданий, используемых для освещения кинематографической жизни жанра рецензии, переживает этап зарождения. Явно низкий качественный уровень образцов жанра, не соответствующий критериям, не позволяет реализовать на сегодняшний день кинокритике и киножурналистике Казахстана свои потенциалы. Однако, сфера взаимодействия киножурналистики с аудиторией является важной частью культурной жизни общества, которая создает собой актуализацию интеллектуального и творческого процесса, позволяющую приблизиться нашему государству к достижению поставленных целей и задач в сфере развития киноиндустрии и киножурналистики в целом.

Литература:

1. <https://www.zakon.kz/4843401-abaev-kazakhstancy-ne-dovolny-urovнем.html>
2. <http://lgz.ru/article/-1-2-6582-18-01-2017/peruna-na-vas-net/>
3. <http://kinokritik.kz/> рецензия-фильма-куркө/

**Әбдіраманова А.С.**, академик Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, филология факультеті, КО-41 тобы, студент  
(*Ғылымы жетекші – ф.ғ.д., профессор Адилова А. С.*)

### «АППАТ» КОНЦЕПТІСІНІҢ БЕРІЛУІ

Қазақстан егемендік алған жылдардан бастап қоғам өміріндегі өзгерістер жаңалық жаршысы болып табылатын бұқаралық ақпарат құралдарында ерекше көрініс тапты. Ондай өзгерістер қатарында жақсы да, жаман да бары белгілі. Адам көңілінде жағымсыз әсер тудыратын алуан түрлі материалдар бар. Сондай хабардың біразы әр қилы аппаттар жайлы.

«Когнитивтік лингвистикада тіл адамзат ақыл-ойының ажырамас және органикалық бөлшегі ретінде, ал универсалды білім қабылдау, түсіну, ойлау секілді ұғымдармен қатар тұратын құрылым тұрғысынан қарастырылады» [1,45] деп тілші Э. Д. Сүлейменова айқындағандай, адамзат болмысының универсалды сипатын айқындау тіл мен танымның да жалпыға ортақ өзгеше мүмкіндіктерін сұрыптауға көмектеседі.

Когнитивтік лингвистиканың негізгі құрылымдық бірліктері: есте сақтау бірліктері – фреймдер, концептілер, гештальт және т.б. Когнитивтік лингвистика дүние бейнесін модельдеуге (тұрпаттауға), тілдік сананы модельдеуге бағытталады [2,6].

Ш. Ниятованың «Махамбет ақын тілдік тұлғасының концептосферасы» зерттеуінде тілдік тұлға «когнитивті лингвистиканың негізгі ұғымы – концепт» арқылы талданады. Жалпы концепт ұғымы когнитивтік бағытта алынған зерттеулердің барлығында дерлік сөз етіледі. Әр зерттеуші өз зерттеу нысанына, бағыт, бағдарына қарай концептілерді тілдік тұлғаға, дүниенің тілдік бейнесіне, тіл мен мәдениет сабақтастығына, жеке тілдік құралдардың когнитивтік сипатын беру үшін де талдайды [3,48].

«Концепт сөздердің беретін ұғымын түсіну арқылы жеке бір адамнан бастап, қоғамдық топтардың, бүкіл бір ұлттың, халықтың ой-өрісінің, дүниетанымының ерекшеліктері айқындалады» [4,88] деп есептеген Б. Тілеубердиев «онимдердің концептілерін» талдауда «адам», «кеңістік», «жан-жануар», «өсімдік» ұғымдарына тоқталды, оларды «мәдениеттің ментальдік ұясы» тұрғысынан зерделеді.

Концептіге ғалым В. А. Маслова төмендегідей бірнеше анықтама береді: «Концепт – біздің санамыздың ментальдік немесе психикалық ресурстарының бірліктерін және адамның білімі мен тәжірибесін бейнелейтін ақпараттық құрылымды түсіндіру қызметін атқаратын термин; есте сақтаудың, ментальдік лексиконның, концептуалдық жүйе мен тілдің, ақыл-ойдың, адам жүйесінде бейнеленген дүниенің бүкіл бейнесінің мазмұндық бірлігі; ... өзінің іске асырылатын бүтін бір тілдік тобымен берілетін, тиісті лексика-семантикалық парадигма жасайтын, мәдениеттің таңбаланған вербалды мағынасы» [5,45].

«Все концепты можно разделить на следующие группы: 1) мир – пространство, время, число, родина, туманное утро, зимний вечер; 2) стихии и природа – вода, огонь, дерево, цветы; 3) представления о человеке – новый русский, интеллигент, гений, дурак, юродивый, странник; 4) нравственные концепты – совесть, стыд, грех, правда, истина, искренность; 5) социальные понятия и отношения – свобода, воля, дружба, война и т.д.; 6) эмоциональные концепты – счастье, радость; 7) мир артефактов – храм, дом, геральдика, сакральные предметы (колокол, свеча и др.); 8) концептосфера научного знания – философия, филология, математика и т.д.; 9) концептосфера искусства – архитектура, живопись, музыка, танец и т.д.» [5,76]. Берілген ғылыми еңбекте концептілерді сипаттаудың әртүрлі әдістері талданады.

Концепт үшін сөздің ассоциативті өрісі аса маңызды, сондықтан концептіні талдау үшін оның әр алуан ассоциативті байланыстарын анықтау, нақтылау керек.

Тілдегі әр сөз семантикалық тұрғыда жеке қолданыла алмайды, яғни ол көптеген сөздермен байланыста болады. Сол себепті сөздің ассоциативті өрісін құрайтын байланыстар қарастырылады. Бұларайда Г. Гиздатов көрсеткен байланыстар концептіні талдау үшін аса маңызды [6].

«Апат» концептісін былайша талдауға болады. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде «Апат» сөзіне мынадай анықтама келтірілген: «апат» [ар.] зат. 1. *Қауіп-қатер, қырғын, ауыртпалық.* 2. *Машина немесе басқа техниканың бүлінуі нәтижесінде адам өліміне соқтыратын оқиға* [7,559]. Ал Абай тілі сөздігінде бұл ұғымға берген анықтамасы: Апат (1). *Ауыс. Қайғы-қасірет, мұң-зар, арман* [8,51].

«Апат» сөзінің ассоциативті өрісін былай көрсетуге болады.

а) Парадигмалды қатынастар:

Категориялық: – апат – қалыпты жағдай.

Синонимдік: – тасқын, сел, төтенше жағдай.

Белгілері бойынша – шу, қан, өлім, қауіп, қорқыныш, белгісіздік, жауапсыздық.

ә) Синтагмалық қатынастар:

синтаксистік байланыстар – тосын, кенеттен, күтпеген, аяқастынан, апат болды, апатқа ұшырады, апат келді, апатқа кінәлі,

бағалау – апат – қиындық, іс, қайғы-қасірет.

б) Деривациялық қатынастар:

Апат – апаттық, төтенше жағдай департаменті.-

«Апат» концептінің ассоциативті өрісіне кіретін номинативтер ретінде от, су, түрлі сипаттағы апатты (аварияны) атауға болады. Бұл атаулар әр қилы жағдайларды сипаттауға жиі қолданылады. Номинативтік атаулар өз ішінен тек және түрге бөлінеді. «Су» деген тек болса, оның түрлері: тасқын, өзен, көл, теңіз, мұхит, арық, бұлақ, нөсер, дария, жаңбыр, жауын, цунами т.б. Бұлардың арасында «апат» семасы тасқын, цунами, нөсер сөздері арқылы өзектенеді. «От» деген атаудың түрлері: өрт, жалын, шок, алау т.б. Су сөзінің

парадигматикалық қатынастары арқылы берілетін мағынаға қарағанда от сөзін категориялық, синонимдік, белгілік байланыстарында «апат» семасы жиі өзектенеді.

«Апат» концептісінің вербалдануын медиамәтіндер негізінде қарастырып көрейік.

Журналистердің жинау, талдау, саралау, іріктеу сияқты сатылардан өткізіп барып көпшілікке ұсынатын түпкі өнімін медиа-мәтін деп атауға болады [9,3].

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғанынан бастап БАҚ материалдарында еліміздің барлық аумақтарында болып жатқан апаттарды халыққа «Егемен Қазақстан» және «Орталық Қазақстан», «Жас Алаш» сияқты түрлі газеттерде жариялауда. Мақалаларда «Апат» концептінің берілуі әр қилы.

Мысалы, «Егемен Қазақстан» газетінің 2016 жылғы №95 басылымында жарияланған мына мақаласына назар аударайық: «Египет аэробусы Жерорта теңізіне құлады» [10,1]. «Аэробус теңізге құлады» деген сөйлем «апат» концепті құрылымына енетін негізгі белгілерді өзектендіреді, яғни осы кездегі адам өміріне төнген қауіп, қан, өлім, шу сияқты қосымша мағына пайда болады. Мәселен мұнда судың өзі қолданып тұрған жоқ, жоғарыда атап өткеніміздей, номинативтік атауларда тек пен түр деген ұғымдар кездеседі. Мұндағы «су» тек болса, оның түрі «теңіз» сөзін кездестіріп тұрмыз. «Теңіз» «апат» концептінің парадигматикалық байланысын құрайды.

«Егемен Қазақстан» газетінің 2016 жылғы №95 басылымында Сейфолла Шайынғазының «Су келді дегенше, шу келді десейші...» [11,5] атты мақаласы жарияланған. Мақаланың атауында берілген «шу» деген сөз «апат» концептінің перифериялық аймағына кіретін сөз, яғни «апат» мағынасы «шу» сөзі арқылы беріліп тұр, өйткені апат болған кезде міндетті түрде шу болады.

Аударма сөздіктерде апат сөздеріне мынадай анықтама берілген: апат а) бедствие, стихийное бедствие; 2) крушение, авария [12,67].

Айдос Сарымның «Жас Алаш» газетінің 2008 жылғы №4 басылымындағы «апатқа» қатысты жазған мақаласы «Абайдағы апаттан 30 кенші қаза тапты. Бұған кінәлі кім, Миттал мырза?! Түсінбеймін...» [13,1]. Бұл мақаланың атауында «Апат» номинативі тікелей қолданылған. Мақала тақырыпатын графикалық тұрғыда ерекшелеу, одан кейінгі риторикалық сұрау арқылы онсыз да жағымсыз мәнге ие «апат» сөзінің эмоционалды бояуы күшейтіле түскен.

«Апат» концептінің ассоциативті өрісіне кіретін номинативтердің бірі – жол көлік апаты. 2017 жылғы «Орталық Қазақстан» газетінің №18 басылымында жарияланған журналист Мағауия Сембайдың «Асық» [14,2] деп аталатын мақаласында жол көлік апаты жайлы сөз болады. Мақалада журналист: «Қазақтың «асық» деген сөзінде екі мағына бар. Бірі – зат есім, бірі – етістік. Қазақ үш шаруаны тезірек тиянақтағанды жөн көреді. «Жол мұраты – жету, қыз мұраты – кету, дау мұраты – біту». Оның өзінде қатты асықпаған. «От ала келдің бе?» деп айтатыны содан. Бүгін жол мұратына жету үшін шетелдік автокөлікпен бірі желдей есіп, жұлдыздай ағатын болды. Содан бірталай желге ұшып, жұлдыздай ерте сөніп жатыр. 2016 жылы біздің облыста 797 жол көлік апаты болып, 150 адам қайтыс болса, 972-сі жарақат алған» деп тек Қарағанды облысының статистикалық көрсеткішін көрсетеді. Бүгінгі күні темір тұлпарларына мініп, «жұлдыздай ерте сөніп» жатқан жастарымыз қаншама?! «Жол көлік апаты» дегенде пайда болатын ассоциациялар: қақтығыс, байқаусыздық, жауапкершілік, ажал, қан, жарақат, шығын, өлім, өмір, заң, жол полиция қызметкері, жедел жәрдем, ереже, заң, қорқыныш, үрей, кінә.

Апаттар өз ішінен екі топқа бөлінеді. Бірі – табиғат апаттары, екіншісі – адамдардың қолдан жасаған апаттар. Табиғат апаттары: су тасқыны, жер сілкінісі, өрт, боран, бұрқасын жел т.б. Ал адамдардың қолдан жасаған апаттары: ұшақтың құлауы, жол көліктерінің апаты, жер асты құбырлары мен өндірістердегі апаттар т.б. Біздің қоғамымызда болып жатқан апаттардың қатарында жасөспірімдер арасында пайда болған әлеуметтік желілердегі «қауіпті ойындар». Кәмелет жасқа толмаған балалардың суицидке итермелейтін ойындар, ата-ана мен мұғалімнің алаңы – «Көк кит» пен «Тыныш үй». Аяулым Советтің «Орталық Қазақстанның» 2017 жылғы №16 басылымында жарық көрген «Ойыннан от шықты немесе «Көк кит»» [15,1]

атты мақаласы осы қоғамдық апатқа байланысты жазылған. Белгілі бір қауіпті алдын алу үшін балаларға үлкендер «ойынның от шығады, ойнама» деген тіркесті жиі қолданады. «Апат» сөзінің ассоциативті өрісін құрайтын номинативтерге «от» жатады. Мақалада кездескен «Ойыннан от шықты» тіркесінде «от» сөзі ауыспалы мағынада қолданылып тұр, мұндағы «оттың» мағынасы: қауіп-қатер, жаман іс, ажал, өлім. Семантикалық тұрғыда әр сөз жеке қолданыла алмайды, яғни ол көптеген сөздермен байланыста болады. Берілген мақалада «от» сөзімен байланысып тұрған сөз «ойын». «Тыныш үй», «Көк кит» ойынын ойнағанда «от» шықты, яғни ойындардан қауіп туындады, жаман іске барды, өлім деген қосымша мағыналар пайда болып тұр.

Өрт, су тасқыны, боран, жер сілкінісі, жауын болса да, олар айтпай келеді. Бірақ осындай апаттардың алдын алуда Қазақстан Республикасының қауіпсіздікті қамтамасыз ететін мекемелерден, төтенше жағдайлар департаментінен іс-шаралар ұйымдастырылуда. Ол – біздің байланыс телефондарымызға 112 номерінен келіп тұратын хабарламалар. Мысалы: «22-23.09.16 Karagandi obl. -3 C deiin katkak kutilude 22-23.09.16 v Karagandinskoy obl. ozhidayutsya zamorozki do -3 C» немесе «09.02 Karagandy obl.barlik bagyttarda tas zholdari zhabyk.28 m/s burkasyn zhel 09.02 tr. po vsem napravleniam v Karagandinskoi obl. zakrutu. Metel, veter 28 m/s» деген хабарлама арқылы адамдар белгілі бір апаттың алдын алуға іс-әрекет жасайды.

Қорыта айтқанда, медиамәтіндерде, ұялы телефон хабарламаларында «апат» концептісі әртүрлі тілдік амалдар арқылы көрініс табады.

#### Әдебиеттер:

1. Сүлейменова Э. Д. Казахский и русский языки: основы контрастивной лингвистики. – Алматы: Демей, 1996. – 208 с.
2. Нұрдәулетова Б. И. Когнитивті лингвистика: Оқулық. – Алматы: Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2011. – 312 б.
3. Ш. С. Ниятова. Махамбеттің тілдік тұлғасы. ф.ғ.д.кандидатын алу үшін дайындаған диссертация жұмысы. Алматы, 2007. – 144 бет.
4. Тілеубердиев Б. М. Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері. Монография. – Алматы: Арыс, 2006. – 280 б.
5. Маслова В. А. Введение в когнитивную лингвистику: Учеб. пособие. – 4-е изд. – М.: Филинта: Наука, 2008. – 296 с.
6. Г. Гиздатов. Ассоциативные поля в русском и казахском языках (учебное пособие). Алматы, Республиканский издательский кабинет. 1997 г. 122 с.
7. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық / Құраст. Т. Жанұзақов, С. Омарбеков, Ә. Жүнісбек және т.б. – Алматы: Арыс, 2006. 1-том. – А – А. – 752 бет.
8. Абай тілі сөздігі. – Алматы, Өнер, 2011. – 616 бет.
9. ЕСЕНОВА Қ. Ө. Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы (қазақ баспасөз материалдары негізінде). ф.ғ.д... автореф. Алматы, 2007.
10. Египет аэробусы Жерорта теңізіне құлады. Егемен Қазақстан. 20 мамыр, 2016 жыл, №95 (28 823).
11. Сейфолла Шайынғазы, Су келді дегенше, шу келді десейші... Егемен Қазақстан. 20 мамыр, 2016 жыл, №95 (28 823).
12. Казахско-русский словарь: около 50 00 слов / Под. ред. чл.-корр. НАН РК Р. Г. Сыздыковой, проф. К. Ш. Хусаина. – Алматы: Дайк-Пресс. 2008. – 962 с.
13. Айдос Сарым. «АБАЙДАҒЫ АПАТТАН 30 КЕНШІ ҚАЗА ТАПТЫ. Бұған кінәлі кім, Миттал мырза?! Түсінбеймін...». Жас Алаш. 15 қаңтар, 2008 жыл №4 (152).
14. Мағауия Сембай, Асық. Орталық Қазақстан. 14 ақпан, 2017 жыл №18 (22 325).
15. Аяулым Совет. Ойыннан от шықты немесе «Көк кит». Орталық Қазақстан. 9 ақпан, 2017 жыл, №16 (22 323).